ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 27-28 қыркүйек, 2016 жыл

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

сарнап тұр. Телеграф бағандарының түйілген көпір үні Қажымұрат көүілінің кимас мұңын шертеді дей бебеу қағып тынар емес».

Жазушы шеберханасындағы ерекше орын «Бұқтырма сарыны» повесіндегі пейзаждар галереясына беріледі.

«Қора төбесіндегі шөп сағдарын суырған күйын, сынық терезені сылқ-сылқ қақан жел ызыңы, ұлыған пеш мұржасының мұңды гүрілі дәл бүгінгідей құлағында қалыпты» – деген үрейге толы естелік әйтеуір бір бой нышырлатар көркының әкелері. Авторлық идеяға сәйкес үйлестірілгені соншалық, окыған жанды селк еткізер күдірет бар.

Әу баста қызы, одан немере қызы тастан қашып, әулеі жалғыз ұлының табытындай болған, су бетіндегі қылт-қылт этеншек тепкен бакен жым-жылас жоғалғанда, күнделікті тіршіліктің күл-көкысынан аспаған, назары пәс бейшара шал табиғаттың өзі бұлан жиркенетінін ұғады.

Лай судағы жүзген Айдың тозғанын көріп, өз мойнындағы күнәнің зіл-батпан жүгінен езіледі.

Ақыры аягы ауыр кезінде тура кіндіктің тұсынан қанжыта теуіп, өлтірген әйелінің доң басындағы зыратына сибектей жетіп, аяғы рет ақ пейілінен ұзақ жылады. Енді табиғат адам жанын тазартатын, ағартатын қатарлас ретінде көрінеді.

Сейтіп, ол түнгі сұлу мұнардан «кірбіңсіз аспан» мен «кіршіксіз Ай» сүзіліп шығады.

Бұл – табиғаттың да, Тәңірінің де, шығарманың да – шешімі.

Әдебиеттері

1) Ысқақов Қ. Ақсу – Жер жаннаты. А, 1989 ж.
2) Ысқақов Қ. Әңгіме, повесть, роман. – Алматы: Ата-мұра, 2003. – 256 бет.
3) Ысқақ Қалиқан. Келмес күндер елесі: (роман-эсе). Алматы: Ана тілі, 2013.

Алтынай Асқарова,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а., филология ғылымдарының кандидаты

ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САБАҒЫН ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Қазіргі заманда әдебиет пәні, басқа пәндерді болсын жаңа инновациялық әдістер арқылы оқыту, технологияларын қолданылуы – оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлататына сеніміз мол. Сабақта электронды кітаптарды пайдаланудың да маңызы зор. Ұсынылып отырған жаңа технология әдіс-тәсілдері білім алушы мен білім берушінің танымдық көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндерінше ізденуге, жұмыстар орындауға бағыттайды. Оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану тиімді тұстары: білім алушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады, танымдық қабілеттілігін қалыптастырады, шығармашылық жұмысқа баулиды, оқутышының уақытын үнемдейді, қосымша мәліметтерді береді. Қазіргі жаһандану заманында оқушының адамгершілік қасиеттерімен, интеллектуальдық дамуына әдебиет сабағының ролі ерекше. Оқытушы үздіксіз үрдіс және ізденіс арқылы әр оқушының қабілеті, бейіміне негізделген сапалы білім беру басты мақсат.

Case-study әдісі немесе нақты ситуация әдісі – нақты ситуация-міндетті шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді проблемалық-ситуативтік әдіс.

Case-study әдісінің негізгі мақсаты – студенттер тобының өз күшімен нақты іс кезіндегі жағдайды case – ситуацияны талдау және практикалық шешімді табу; процестің аяқталуы – ұсынылған алгоритмдерді ұсыну және нақты қойылған проблема аясында ең үздігін таңдау.

Бұл әдіс шетелдік студенттердің кәсіптік дайындығын, қызығушылықтарын, қалыптасқан ойлау стильдері мен машықтарын ескеруге жол ашады, бұл оны кәсіптің оқу тілін пайдалануға кең мүмкіндік береді. Экономикалық пәндерді үйрену әдісі ретінде жасалған case-study әдісі қазіргі кезде гуманитарлық білім беру саласында да кең таралды.

Case-study негізіндегі оқу процесі тиімді болуы үшін екі шарт қажет: жақсы кейс және оны оқу процесінде пайдалану үшін белгілі бір әдістеме.

Case-study әдісі болашақта интерактивті оқыту әдісі ретінде студенттер тарапынан оң қызығушылық туғыза алады, теориялық ережені игертуге және материалды практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік береді; ол студенттердің кәсібиленуіне ықпал етеді, олардың ересектенуіне мүмкіндік береді, оқуға қызығушылықтарын арттырып, ынтасын күшейтеді.

Нақты өмірден алынған case-мысал оқиғаны құрғақ баяндап қана қоймайды, сонымен бірге ситуацияны түсінуге мүмкіндік беретін біртұтас ақпараттар кешенінен тұрады. Case-study әдісінің мәні әркім өзінің білімі мен практикалық тәжірибесі, түйсігі негізінде өз нұсқасын ұсынады.

Кейс – бұл тек қана ақпарат алуға мүмкіндік беріп қоймайтын, сонымен бірге өтіп жаткан құбылыс арасындағы қатынасты кетуге, яғни өзін нақты өмірлік ситуацияда болғандай сезінуге мүмкіндік беретін әдіс ретінде ныгарма.

Кейстер әртүрлі нысанда берілуі мүмкін: онда бір беттен бастап көп бетке дейін бірнеше сәйлем-ге дейінгі мәтіндік материалдар. Алайда үлкен кейстердің шағын кейстерге қарағанда студенттер үшін әлдеқайда қызықтырақ екенін ескеріп, материалдарды тұындататынын ұмытпау керек.

Кейстің көлемі оның мақсатына тікелей қатысты. Бір беттен бірнеше бетке дейін созылатын мини-кейс екі сағаттық практикалық сабаққа есептелуі мүмкін. Орта көлемдегі кейстер екі сағаттық сабақтың уақытын алады, ал бірнеше ондаған беттерден тұратын көлемді кейстер бірнеше практикалық сабақтар бойы жүргізілуі мүмкін.

Кейстердің нақтыбір стандарты жоқ. Әдетте, олар қағазда немесе электронды түрде болады, бірақ кейбіреуіне фотографиялар, диаграммалар, кестелер енгізсе, онда студенттер үшін тартымды болмақ. Сонды уақытта кейстерді мультимедиялық тұрғыдан ұсыну әйгілі болып отыр. Кейстерді мультимедиялық түрде беру мәтіндік ақпарат пен интерактивті бейненің артықшылықтарын тоғыстыруымен ерекшеленеді.

Кейс қызғылықты, қарапайым жеңіл тілмен жазылғаны жөн, «драмалық тартыстары» мен проблемалары болғаны дұрыс, таңдап алынған студенттер контингентінің сұраныстарына сәйкес келуге тиіс және қажетті әрі жеткілікті ақпараттары болуға тиіс.

Кейс – күрделі құбылыс; ол барынша нақты картинадан және нақты фактілерден тұруы тиіс, ойлай-ақ тұрақты сипаттамалар жиынтығы болуы керек. Әрбір кейсте мынадай аспектілер қамтылуы керек: проблемалық, тартысты, рольдік, оқиғалы, әрекетшіл, уақыттық, кеңістіктік аспектілер. Студенттердің міндеттері – ұсынылған өмірлік ситуацияны пайымдау, оны сипаттау тек практикалық проблеманы ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге бұрын игерген білім жиынтығын нақты тұжырымдауға және проблемаларды жіктеуге, сөйтіп проблеманы шешуге әкелетін нақты бір әрекеттер алгоритмін дайындауға жол ашады.

Case-study әдісін пайдалану оқушыларға дербес жұмыс істеу және дербес ойлау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Бұл ретте олардың бойында өз позицияларын дәлелді түрде негіздеу дағдысы қалыптасып қана қоймайды, сонымен бірге балама көзқарастарды тыңдауға, оларды ескере отырып, қойылған мәселенің барынша дұрыс шешімін таңдауға септігі тиеді. Осылайша студенттер командада жұмыс істеуді, коммуникациялық біліктіліктерін дамытуға үйренеді, өйткені тіл кәсіптік міндеттерді шешудің жұмыс құралы болып табылады.

Кез-келген оқудың мақсаты – еңбек нарығында бәсекелестікті қамтамасыз ететін білімге, икемдер мен дағдыларға ие біліктілігі жоғары маман дайындау. Яғни қазіргі кезеңде білімнің мақсаты дайын шешімдерді игерту емес, студенттер мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық процесі арқылы жаңа білім тудыру. Case-study әдісі осыған жол ашады.

Сонымен қатар, Н.И. Кудряшевтің «Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы» (1981) еңбегінде жазылған әдістерінің жіктемесін ұсынып отырмын. Оқыту әдістерінің жүйесі мұғалімнің бағыттауы арқылы оқушылардың танымдық қызметін арттырудан тұрады. Н.И. Кудряшев жүйесіндегі әдіс білім алушылардың танымдық қызмет деңгейіне сәйкес келеді. Жіктеменің негізі – И.Я. Лернер және М.Н. Скаткин еңбектерінде сипатталған танымдық әрекет типі, яғни мұғалім ұсынған сұлба бойынша жұмыс істей отырып, оқушылар қол жеткізетін танымдық әрекеттің дербестік деңгейі. Н.И. Кудряшев мынадай әдістерді сипаттаған.

1) ***Шығармашылық оқу әдісі.***

Мақсаты: білім алушылардың шығарманы оқытудың әртүрлі кезеңінде көркемдік қабылдауын жандандыру.

Әдіс мынадай тәсілдердің көмегімен іске асырылады:

- мінерлеп оқу;
- түсіндірмемен оқу;
- әңгімелесу;
- жеке әсеріне немесе шығарма мәтіні бойынша шығармашылық тапсырма;
- оқыған шығармадан туындайтын және оқушылардың көркемдік қабылдауын тереңдететін оқу проблемасын қою.

Мысалдар оқу қызметінің мынадай түрлерін ұсынады:

- оқу;
- жаттап алу;
- тыңдау;
- жоспар түзу;
- әңгімелеп беру;
- мәтінге жақындатып қайта айтып беру;

• пікірлер тұжырымдау;
• белгілерді қарау.

2) Эвристикалық әдіс.

Бұл әдіс оқушылардың танымдық әрекетінің ішінара-іздену сипатын білдіреді, ғылым мен әдіс-тәсілдің элементтерін үйренуін көздейді. Сөз шеберлері әдетте осы әдістің бір түрі – эвристикалық әңгімелесуді пайдаланады, оның барысында мұғалім оқушының білетін білімі мен практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа білімді түсініп, игеруіне, тұжырымдар түюіне итермелейді.

Эвристикалық әдіс мынадай тәсілдер арқылы іске асырылады:

• логикалық нақты сұрақтар жүйесін түзу, ол өзбетінше білім игеруіне жол ашады;
• мәтін бойынша тапсырмалар жүйесін түзу;
• проблема қою.

Тәсілдер оқу қызметінің мынадай түрлерін көздейді:

• мәтіндік материалды іріктеу;
• талдау элементтерімен қайта айтып шығу;
• эпизодты талдау;
• шығарма кейіпкерінің бейнесін талдау;
• жоспар түзу (мысалы, шығармаға немесе сөзге);
• проблема қою.

3) Зерттеушілік әдіс.

Бұл әдіс оқушының проблеманы зерттеу барысында өз бетінше тапқан білімін шығармашылықпен игеруін көздейді. Алынған жауаптардың әртүрлі нұсқаларын салыстырады.

Зерттеушілік әдіс мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

• проблемалық мәселелер қою;
• зерттеушілік тапсырма.

Тәсілдер оқу қызметінің мынадай түрлерін көздейді:

• әдеби мәтіннің бір бөлігін немесе тұтас өз бетінше талдау;
• салыстыру (бір автордың екі шығармасын, қос автордың, өнердің әр түрінің);
• түпнұсқаның түсіндірмесін бағалау.

4) Репродуктивті әдіс.

Репродуктивті әдістің өзіне тән белгілері:

• оқушыларға білім «дайын» күйінде беріледі;
• мұғалім білімді хабарлап қана қоймайды, оны түсіндіреді;
• оқушылар білімді саналы түрде игереді, оны түсініп, жадында сақтайды.

Репродуктивті әдіс мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

• алған білімді дұрыс өсіру (репродукция);
• көп рет қайталау.

Тәсілдер оқу қызметінің мынадай түрлерін көздейді:

• жоспар немесе конспект жазу;
• мұғалімнің дәрісі;
• оқулықпен жұмыс;
• дайын материалдар бойынша баяндама.

Әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті терендетіп оқыту. – Алматы : Ы.Алтынсарин атындағы ҚР білім акад. Респ. баспа кабинеті, 2003.

2. Долгоруков, А.М. Метод case-study как современная технология профессионально ориентированного обучения. [Электронный ресурс] / Режим доступа: http://evolkov.net/case/case.study.html /свободный. – Загл. с экрана. – Яз. рус.

3. Технологии и методики обучения литературе. Учебное пособие. 2011, Флинта, Наука
ISBN: 978-5-457-08567-1

МАЗМҰНЫ

I-СЕКЦИЯ. М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Әбдіманұлы О. М. Әуезов және қазақ әдебиеті оқулықтары
Жақын Б. Мұхтар Әуезов көсемсөзіндегі ұлт мәселелері 3
Мәдібай Қ. Ортаймас қазына 5
Ісімақова А. М.О.Әуезов прозасы: концепт және дискурс 10
Жеменей И. Мұхтар және дәуір 16
Орозобекова Ж. Прикосновение к истокам 19
Бисенгали З-Г. М.Әуезов және 1916 жыл 22
Танжарықова А. М.О.Әуезов шығармаларындағы этно-фольклорлық сарындар 24
Бұлдыбай А. «Манас» жырын зерттеудегі М. Әуезовтың тарихи-теориялық ұстанымдарын оқыту 35
Конбаева М. Ұлы мұрат жолындағы суреткер үндестігі 37
Қазбек Г. Аударматанушы М.Әуезов 48
Әбдікүлова Р. М. Әуезов шешендік сөздер хақында 50
Қалқабаева С. Дара тұлға жайындағы толғаулар 53
Тоқшылықова Г. Кобо Абэнің «Бөтен бет», «Құм құрсауындағы әйел» романдарындағы интертекстуалдылық элементтер, олардың байланысы мен қызметі 54
Салықбаева Ә., Бертаева К. Мұхтар Әуезов – ұлтымыздың ұлы мақтанышы 57

II-СЕКЦИЯ. М.ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Темірболат А. Проблемно-ориентированный подход в преподавании литературоведческих дисциплин 64
Болатова Г. Проблемы обучения студентов анализу поэтики художественного текста 67
Сейітжанов З., Оспанова А. Ақтан мен Ақбала айтысын оқыту 71
Абдулина А. Методика преподавания фольклора в полиязычной группе 73
Мұсалы Л. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы символ-бернелер және оқыту мәселесі 75
Дәрібайұлы С., Керімбекова Б. Қазақ әдебиеті сабағындағы шығармашылық жаттығулардың маңызы 77
Солтанаева Е. Қ.Ысқақов шығармалары негізінде көркем пейзаж функцияларын оқыту 80
Асқарова А. Технология және әдебиет сабағын оқыту әдіс-тәсілдері 82
Шортанбаев Ш., Салықбаева Ә. М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың ерекшеліктері 85
Куркебаев К., Карбозов Е. Тілдіоқытудағы қатысымдық тәсілдердің әлеуеті 89
Аширова А., Абдрахманова Ж. Студенттердің іскерлік қарым-қатынас тілін модульдік технология арқылы оқытудың лингвистикалық негіздері 92
Елюбаева Г. Мұхтар Әуезов шығармаларын оқыту тәжірибемнен 93
Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу Құралы: қазақша алифба», «Әліб-бій: жаңа құрал» атты оқулықтарының зерттелуі мен зерделенуі 94
Жапаркулова К. Қадыр ақын өлеңдеріндегі адамгершілік мәселесі 100
Танжарықова А. Бейбіт Сарыбайдың «Біздің заманның Шығайбайлары» атты әңгімесіндегі сараңдық мәселесі 103
Асқарова Г. Ғ.Мүсірепов туындыларындағы аналар бейнесін сыни тұрғыдан оқыту 106
Базарбайқызы Г. Заман шындығын бейнелеген туындылардағы шолақ белсенділер образы 108

III-СЕКЦИЯ ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Әлелбекқызы А. Қ.Жұмаділовтің "Дарабоз" роман-дилогиясындағы ұлттық салт-дәстүрлердің көркемдік үйесі 114
азарбаева М. Билингв-жазушылардың шығармаларындағы әлемнің тілдік бейнесі 117
Ұхтар Л. Концепт детства в мировой гуманитарной науке 120
ржанов А. Қалқаман сарин шығармашылығындағы діни тәрбие 124
ұратәлиева Д. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» және Р. Мұқановаңың «Аида» әңгімесіндегі ихологизм мәселесі 128
лдебаева Ж.Ш. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» оқулығының зерттелуі 13
шаева Е. Мұхтар Әуезов шығармаларындағы күнә, кінә жазық концептілері 13
шгирбай Г. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ақындар шығармашылығына тигізген ықпалы 13
гдатхан Ж. «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романы жайлы сүбелі ойлар 14
сіпәліқызы А. Ұ.Есдәулеттің саяси лирикалары 14
ірбергенова А. Б.Нұржекеевтің жазушылық шеберханасы және «Бір өкініш, бір үміт» романы 14